

Қылмысты алдын ала уәделеспей жасыру және қылмыстар туралы хабарламау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесінде туындайтын кейбір мәселелер туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумы 1976 жылғы 24 желтоқсан N 5, Пленумның 1996-жылғы 20-желтоқсандағы N 11 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен бірге. Қаулының күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 27 Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 27 Нормативтік қаулысымен.

Пленум қылмысты алдын ала уәделеспей жасыру және қылмыстар туралы хабарламау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесін талқылай келіп, соттардың осы санаттағы істерді негізінен дұрыс шешетінін және айыпталушыға заң талаптарын ескере отырып жаза қолданатынын атап өтеді.

Осылармен қатар жекелеген істер бойынша осы қылмыстарды саралауда елеулі кемшіліктер жіберіледі.

Жекелеген соттар КСРО Жоғарғы Сотының 1962 жылғы 31 шілдедегі Пленумының "Қылмысты алдын-ала уәделеспей жасыру, біле тұра ұрланған мүлікті алу және өткізу туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы" N 11 қаулысында көрсетілген талаптарға қарамастан алдын-ала уәделеспей жасыруды қылмысқа қатысудан шектеуде кемшіліктер жібереді.

Алдын ала уәделеспей жасыруды біле-тұра қылмыс жолымен табылған мүлікті алудан, жасырушылықтан және біле-тұра өтірік жауап беруден ажырату кезінде қателіктер жіберіледі.

Кейде жасырушылық хабарламаумен бірге жиынтық бойынша, ал біле тұра қылмыс жолымен жасалған мүлікті жасыру және алу тек қана жасыру ретінде негізсіз сараланады.

Мұндай қателіктер аталған қылмысы үшін жауаптылықты белгілейтін заңды дұрыс түсінбеу нәтижесінде жіберіледі, бұл айыпталушыға өзіне лайықсыз жазаны тағайындауға, ал кейде айыбы жоқтарды соттауға алып келеді.

Аталған санаттағы істер бойынша заңдарды қолдану кезінде кемшіліктерді болдырмау мақсатында Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді:

1. Соттардың назары қылмысты алдын-ала уәделеспей жасыру және қылмыстар туралы хабарламау жөніндегі істерді қарау кезіндегі аталған кемшіліктерге аударылсын.

Соттар осы санаттағы істерді қарау кезінде КСРО Жоғарғы Сотының 1962-жылғы 31-шілдедегі Пленумының "Қылмысты алдын-ала уәделеспей жасыру, біле тұра ұрланған мүлікті алу және өткізу туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы" N 11 қаулысындағы негізгі талаптарды қатаң орындауы тиіс.

2. Соттарға:

а) алдын-ала уәделеспей жасырудың қатысудан өзгешелігі, қылмысты жасауға ықпал етпейтіндігін, басқа адам жасаған қылмысты жасыруға бағытталатынын түсіндіру керек.

Алдын-ала уәделеспей жасыру қылмыстың анықталуын қиындататын яки қылмыстыға тергеу органынан немесе соттан жасырынуға (қылмыстыны, қылмысты жасау қарулары мен жабдықтарын қылмыспен, қылмыс жолымен қолға түсірілген зат іздерін жасыру) көмектесетін әрекеті арқылы байқалады.

Қылмыстыны жасыру оған жасырылатын орын, оның сырт бейнесін өзгертетін киім берумен, оны қолдан жасалған немесе бөгденің төлқұжатымен қамтамасыз етумен, айыптыны іздестіру кезінде өкімет органдарынан ұзақ немесе қысқа мерзім жасырынып қалу үшін көлік берумен және басқа әрекет жасаумен анықталады.

Қылмыс ізін жасыру қылмыс іздері бар нәрселерді жоюдан немесе тығып қоюдан, нәрселердегі, киімдегі немесе қылмыскер денесіндегі іздерді жоюдан көрінеді.

Қылмыстық жолмен қолға түсірген заттардың, қылмыс жасауға арналған қаруды, нәрселерді жасыру оларды тығып қоюдан, жоюдан немесе олардың сыртқы пішінін өзгертуден көрінеді;

б) алдын-ала уәделеспей жасыруды біле тұра қылмыс жолымен қолға түсірген мүлікті алудан немесе өткізуден шектеу кезінде айыптының пиғыл бағытын, сондай-ақ оның жасалған қылмыс белгілері туралы хабардарлығын ескеру керек.

Жасыру кезінде қылмысты, оның іздерін немесе қылмыстыны жасыру мақсаты қойылады. Біле тұрып қылмысты жолмен мүлікті алған немесе өткізген адам өзінің алдына мұндай мақсатты қоймайды, материалдық пайда табу мақсатын көздейді.

Жасырушы жасырған қылмысының сипатына түсінеді, өйткені заңға орай тек алдын-ала уәделеспей ҚК-тің 75-1 және 195-баптарында көрсетілген нақты қылмыстар үшін ғана қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін.

Айыптының 78-бабы бойынша айыбын мойындауы үшін қылмысты жасау кезінде алынған немесе өткізілген бөтеннің мүлкін қолға түсіру нәтижесінде жасалған қылмыстық сипаты туралы хабардар болуы талап етілмейді, тек осы мүлікті қылмыс жолымен қолға түсіргенін сезсе болғаны.

Саралану белгілерімен сипатталатын қылмысты алдын-ала қылмысты уәделеспей жасырған адамға, егер оның санасы мына белгілерді қамтыса, жоғары жауапкершілік жүктеледі;

в) бөтеннің мүлкін алумен немесе өткізумен жалғасты қылмысты алдын-ала уәделеспей жасыру біле тұра қылмысты жолмен алдын-ала уәделеспей жасыру және мүлікті алу жиынтығын құрайды және алынған немесе өткізілген мүліктің сипатына қарай ҚК-тің 195 және 78-баптары жиынтығы бойынша саралауға жатады;

г) адам сақтаудың өзі жеке қылмыс құрамын құрайтын мынадай қаруды немесе қылмыс заттарын жасырса (атылғыш немесе суық қару, оқ-дәрі, жарылғыш, улы немесе есірткі заттар), алдын-ала уәделеспей жасыру осы қылмыстар үшін жауаптылық белгіленетін баптардың жиынтығы бойынша саралануы тиіс;

д) хабарламаудың, қылмысты алдын-ала уәделеспей жасырудан өзгешелігі, ол әрдайым әрекетсіздіктен көрінеді және тиісті органдарға оның мәлім болған дайындалып жатқан немесе жасалған қылмысты хабарламаудан тұрады;

е) тексеру, алдын-ала органдарына немесе сотқа қылмысты ашуға және айыпты адамды соттауға кедергі жасау мақсатымен берілген куәгердің, жәбірленушінің біле тұра жалған жауабы немесе эксперттің жалған қорытындысы, сондай-ақ аудармашының бұрыс аудармасы - алдын-ала уәделеспей жасыру құрамын құрамайды және ҚК-тің 187-бабы бойынша саралауға жатады.

3. Қазақ КСР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы, облыстық және Алматы қалалық соттары қылмысты алдын-ала уәделеспей жасыру және қылмыстар туралы хабарламау туралы істерді соттардың қарауы кезінде заңның дұрыс қолданылуына соттардың назарын күшейтсін.